

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Түркістан облысы

№181

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Мирзалиев Бахыт Иябаевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП АЛЫП, Талон негізінде әрекет ететін Басшысы Тастанова Гүлжазира Нұрділләқызы атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2022-05-31» жыл № 7679330-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 2 842 550.00 (екі миллион сегіз жүз қырық екі мың бес жүз елу тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 85 276.50 ((сексен бес мың екі жүз жетпіс алты тенге елу тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 85 276.50 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.



9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 547-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.



4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-КЗ» Тауардың шығарылған



елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде келендік тазалауға байланысты барлық



шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтаралы.



8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2022-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.



10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер



Тапсырыс беруші:
Түркістан облысының қоғамдық
денсаулық басқармасының «Сарыағаш
аудандық орталық ауруханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Туркестанская область, Сарыағашский
район, г.Сарыағаш, С.ИСМАЙЛОВ, 115А
БСН 091040010283
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ716010291000062680
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8725372-77-44
Басшысы Мирзалиев Бахыт Иябаевич

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын
(факторингті) басқаға беру арқылы
қаржыландыру шартын жасасқан кезде
қаражат алушы):
ИП АЛЫП
Қазақстан, Қызылкия, УЛИЦА
Н.Токтамысов, 27/1
БСН/ЖСН 800320403187
БСК TSESKZKA
ЖСК KZ809983ТВ0001480348
"First Heartland Jusan Bank" акционерлік
қоғамы
Тел.: 87075345008
Басшысы Тастанова Гүлжазира
Нүрділләқызы

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 7679330-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шелек	пластиктен жасалған, көлемі 7-15 л	Ведро педальное 12 литров металлическая (Хром). Закрытый (с крышкой)	Дана	40	4 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (40)	0	160 000.00
2022 қаржылық жыл												



20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Кальций карбиді	жоғары сұрып	Карбид сорт высший	Килограмм	200	500.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмаилов №115А (200)	0	100 000.00
------------------	--	-----------------	--------------	--------------------	-----------	-----	--------	---	---	--	---	------------

2022 қаржылық жыл

20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Электрмен пісірілген құбыр	болат, диаметрі 601-650 мм	Колена электросварная, диаметр 20 мм	Дана	20	300.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмаилов №115А (20)	0	6 000.00
------------------	--	----------------------------	----------------------------	--------------------------------------	------	----	--------	---	---	---	---	----------

2022 қаржылық жыл

20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Сым	төмен көміртекті болаттан, жалпы тағайындалымдағы, диаметрі 0,16-0,25 мм	Проволока железная дм 3 мм	Килограмм	20	950.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмаилов №115А (20)	0	19 000.00
------------------	--	-----	--	----------------------------	-----------	----	--------	---	---	---	---	-----------

2022 қаржылық жыл



20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Гидросорғыш	сорғының гидравликалық жүйесіне арналған	Центробежный (поверхностный) насос. Тип насоса: поверхностный; Класс защиты изоляции: В; Класс защиты: IP 44; Температура окружающей среды, макс. 40*С; Глубина всасывания, макс.: 18 м; Напор, макс.: 42 м; Мощность: 1100 В; Производительность, макс: 170 л/мин; Напряжение сети: 220 В.	Дана	1	35 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (1)	0	35 000.00
------------------	--	-------------	--	---	------	---	-----------	---	---	---	---	-----------

2022 қаржылық жыл

20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Асбестоцементті табақ	маркасы ЛП-П, қалыңдығы 6 мм	Шифер асбестоцементный 8 волнистый 1750*1130*5,2	Дана	35	2 100.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (35)	0	73 500.00
------------------	--	-----------------------	------------------------------	--	------	----	----------	---	---	--	---	-----------

2022 қаржылық жыл

20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Арнайы бұрамашеге	жолдық	Шуруп специальный черный в пачках. Размеры по заявке заказчика	Бір буда	3	650.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (3)	0	1 950.00
------------------	--	-------------------	--------	--	----------	---	--------	---	---	---	---	----------



2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Құм	табиғи	Песок для стяжки без гряди. Природный, 1 класс,.	Текше метр	9	5 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (9)	0	45 000.00
2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Электрмен пісірілген құбыр	болат, диаметрі 601-650 мм	Труба электросварная, диаметр 32 мм. Толщина трубы 3 мм	Метр	108	1 200.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (108)	0	129 600.00
2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Вентиль	шарлы, полипропиленді, шартты диаметрі 50 мм дейін	Кран металлический латунный, давление 0-420 Мпа, номинальный диаметр 40 мм, гидравлический. Согласовать с Заказчиком	Дана	2	30 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (2)	0	60 000.00



2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Пакет	қаптайтын, полиэтиленнен	Пакет упаковочный с ручкой из полиэтилена для КТ кабинета размером 40x50 цвет белый. Обязательно согласовать с заказчиком.	Дана	7500	70.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (7500)	0	525 000.00
2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Едендік жабын	ламинатталған, класс 34	Поставка товара осуществляется после согласования с Заказчиком марки и цвета товара. Товар должен поставляться с сертификатом. Поставка товара должна осуществляться в присутствии представителя Поставщика. разгрузка на склад производится за счет поставщика. Размеры ширина - 330 мм, длина - 1380 мм толщина - от 9 мм.	Шаршы метр	40	3 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (40)	0	120 000.00
2022 қаржылық жыл												



20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Құм	табиғи	Песок мелкий для оштукатуривания стен. Природный, 1 класс, мелкий. Размеры зерен от 2.0-2.5 мм. Плотность кг/м3 - 15. Удельный вес г/см3 - 2.6.	Текше метр	10	4 500.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (10)	0	45 000.00
------------------	--	-----	--------	---	------------	----	----------	---	---	---	---	-----------

2022 қаржылық жыл

20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Электрмен пісірілген құбыр	болат, диаметрі 601-650 мм	Труба электросварная, диаметр 20 мм. Толщина трубы 3 мм	Метр	130	900.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (130)	0	117 000.00
------------------	--	----------------------------	----------------------------	---	------	-----	--------	---	---	--	---	------------

2022 қаржылық жыл

20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Электрмен пісірілген құбыр	болат, диаметрі 601-650 мм	Труба электросварная, диаметр 150 мм. Толщина трубы 3 мм	Метр	120	2 800.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (120)	0	336 000.00
------------------	--	----------------------------	----------------------------	--	------	-----	----------	---	---	--	---	------------

2022 қаржылық жыл



20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Есіктің блогы	ағаштан жасалған, бөлмеаралық, бітеу	Дверь двойной железный наружный с установкой Размером 2,10x1,20 см. Цвет согласно с заказчиком.	Дана	3	100 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмаилов №115А (3)	0	300 000.00
------------------	--	---------------	--------------------------------------	---	------	---	------------	---	---	--	---	------------

2022 қаржылық жыл

20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Электрмен пісірілген құбыр	болат, диаметрі 601-650 мм	Труба электросварная, диаметр 25 мм. Толщина трубы 3 мм	Метр	16	1 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмаилов №115А (16)	0	16 000.00
------------------	--	----------------------------	----------------------------	---	------	----	----------	---	---	---	---	-----------

2022 қаржылық жыл



20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шланг	арматураланған, полиэтиленді	Шланг поливочный, диаметр 25 мм, трёхслойный широко применяется при садовых и огородных работах. В рулоне 25 м. А также данный шланг можно использовать с насосами. Шланг изготовлен из высококачественного материала при помощи усовершенствованных технологий, что гарантирует дополнительную прочность и долгий срок использования. Шлангом очень удобно пользоваться, благодаря его легкости и гибкости. Трёхслойный шланг оснащен сетчатым армированием. На внутренних стенках шланга не появляются водоросли, что гарантирует чистоту воды для полива. Шланг является нетоксичным, благодаря отсутствию в составе шланга бария и кадмия. Допустимым диапазоном рабочих температур являются температуры от -20 до 40 градусов. Для крепления шланга к насосу необходимо использование дополнительных соединительных элементов (переходники или хомуты)	Орама	4	14 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (4)	0	56 000.00
------------------	--	-------	------------------------------	---	-------	---	--------------	---	---	--	---	--------------



2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Алинитты цемент	маркасы М-500	Цемент М-450 50 кг мешках. Погрузка и разгрузка за счет Поставщика.	Дана	80	1 800.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (80)	0	144 000.00
2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Төрткілдеш	қылқанжапырақты тұқымдастардың сүргектерінен	Подшиферная рейка 40мм х 50мм. В пачке 54 метров.	Бір буда	2	7 500.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (2)	0	15 000.00
2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Кәбіл	маркасы АВВГ, кернеуі 1 000 В-тан артық емес	Кабель медный размер 4х4. Согласовать с заказчиком.	Метр	100	385.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ. ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (100)	0	38 500.00



2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Газды реттеу бекеті	шкафтық	Шкаф регуляторный газовый (ШРП) 100. Регулятор давления с газовым счетчиком G6. Дата выпуска с 2021 г по 2022 г.	Комплект	2	80 000.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., Исмамлов №115А (2)	0	160 000.00
2022 қаржылық жыл												
20479410-ОЛ-ЗЦП1	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Еденкемер	көбікполистиролдан, төбе, өлшемі 40*52 мм	Плинтус напольный пластиковая длина 2,5 метра. Цвет согласовать с заказчиком	Дана	400	850.00	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Келісім шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, ҚАЗАҚСТАН, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ., (400)	0	340 000.00



Договор о государственных закупках товаров

Туркестанская область

№181

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Сарыагашская центральная районная больница» управления общественного здоровья Туркестанской области, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Мирзалиев Бахыт Иябаевич, действующий на основании Устава, с одной стороны и ИП АЛЫП, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Тастанова Гүлжазира Нұрділләқызы, действующий на основании Талон, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2022-05-31 года № 7679330-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 2 842 550.00 (два миллиона восемьсот сорок две тысячи пятьсот пятьдесят тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 Оплата за поставленный Товар производится Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи Товара.

2.3 Объем поставляемых товаров в количественном и стоимостном выражении оговорен в приложении 1 к Договору

2.4 Необходимые документы, предшествующие оплате:

- 1) подписанный Договор;
- 2) накладная;
- 3) акт(ы) приема-передачи товара(ов);



4) отчет о местном содержании в товарах по форме согласно приложению 44 к Правилам;

5) электронная счет-фактура с описанием, указанием количества, цены единицы и общей суммы поставленных товаров, предоставленная Поставщиком Заказчику.

3 Обязательства Сторон

